

2016 жылға субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінім беру мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 25 қазандағы № 1471 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 қарашада № 3874 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10 тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 тіркелген), Түркістан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Мұсаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 20 қазанынан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қала әкімі

Ә.Өсербаев

Түркістан қаласы әкімдігінің
2016 жылғы "25" қазандағы
№ 1471 қаулысына қосымша

2016 жылы субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері

№ Басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімді қабылдау мерзімдері
Дәндік жүгері	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
Майлы дақылдар (мақсары, күнбағыс) өнімге	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
Мақта	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
Мақта (өнімге)	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
Картоп	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
Ашық топырақтағы көкөніс және бақша дақылдары	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
Жемшөптік дақылдар (өткен жылы егілген көпжылдық шөптерді қоспағанда)	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
Сүрлемдік жүгері	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін
Қорғалған топырақтағы көкөніс	2016 жылдың 20 қазанынан 30 қарашасына дейін